

ЖШС «Кенесары 07» «Балбобек» жеке балабақшасы

Тәуелсіздік ел тілегі

(«Раушан» ортаңғы тобы)

Тәрбиеші: Амангалиева Б.А.

Тақырыбы: «Күн дидарлы Қазақстан».

Мақсаты: Балалардың Отанды, Рәміздерді, Елбасы, желтоқсан оқиғасы, Тәуелсіздік күні туралы түсініктерін молайту. Мәнерлеп таппақ айтуға, сахналық көріністерді көрсету арқылы еліне, отанына деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Отанын елін сүйуге тәрбиелеу.

Еліміздің Тәуелсіздігіне орай өткізілетін мерекелік ертеңгілікке балалар қолдарына жалау ұстап залға кіреді. Мұнан соң барлығы Әнұранды орындайды.

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме, балалар, қонақтар, әріптестер! Бүгінгі Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына арналған «Раушан» ортаңғы тобының «Күн дидарлы Қазақстан» атты ертеңгілігіне қош келдіңіздер.

Жүргізуші:

Рәміздерім елдігімнің белгісі,

Білу керек бала – дағы ең кіші.

Рәміздерім – Әнұраным, Көк ту, Елтаңба.

Рәміздерді жатқан білген жөн кісі.

Жүргізуші: Балалар, біздің Отанымыз қалай аталады?

Балалар: Қазақстан.

Жүргізуші: Еліміздің президенті кім?

Балалар: Қасым Жомарт Тоқаев.

Жүргізуші: Еліміздің елордасы қалай аталады?

Балалар: Астана.

Жүргізуші: Астана қандай қала?

Балалар: Астана – бас қала, әдемі үлкен қала.

Жүргізуші: Дұрыс айтасыңдар балалар. Ендеше осы Отанымыз туралы ән айтайық:

Ән: «Отан»

Жүргізуші: Отан туралы таппақтарымызды айтайық.

Хасан

Тәуелсіздік таң атты,

Барлық әлем халқыма,

Осы тұрған халқыма,

Бейбітшілік орнасын.

Айзере.

Біз бақытты баламыз,

Тәуелсіз елдің ұланы,

Мәңгі жасап, гүлденеміз,

Ұлы елдің қыраны.

Әмірхан.

Отаным менің Қазақстан,

Қарызбын саған әрқашан.

Азаматтық борышты,

Өтеуге мәңгі талпынам.

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар.

Би: «Торсық» Еркеназ, Айбибі, Асылым, Мадина, Инабат, Адия,

Ойын: «Туды жинау».

Жүргізуші: Тапақтарымызды айтайық.

Ансар.

Отаным менің Қазақстан.

Мәңгілік сенмен мақтанам,

Саянда жүрсем әрдайым,

Күлімдеп жүрем бақ табам,

Адина

Туған жерім Қазақстан,

Сен деп соғар жүрегім,

Нұрлана бер, гүлдене бер,

Осы менің тілегім.

Маржан.

Отаным менің Қазақстан,

Атыңнан сенің айналдым,

Бас иіп саған өтінем,

Жасай бер жаса Қазақстан.

Би: «Тұлпар биі» ұлдар.

Жүргізуші: Ендеше тапақтарымызды айтайық.

Азамат.

Қуат алған өзіңнен.

Туған елдің кызымын,

Бақытты етіп өсірген,

Отанымның гүлімін,

Нұрахмет.

Мерекеге шығады,

Бүкіл халық біліп қой,

Отандастар ұғады.

Тәуелсіздік ұлы той.

Ән: «Қазақстан» .

Би: «Көгілдір тулар» Аяулым, Хадиша, Халиса.

Жүргізуші: Осымен тәуелсіздік күніне арналған Бөбек тобының ертенгілігі аяқталды, көңіл бөліп тыңдағандарыңызға рахмет.

Қазақстанымыздың көк байрағы желбіреп, еліміз тыныш, жұртымыз аман болсын.
Сау болыңыздар!

